

**ҚР Білім және ғылым министрлігі
“Болашақ” академиясы
“Фармация” факультеті
Фармацевтикалық пәндер кафедрасы**

Комплексті гомеопатиялық препараттар

- **Орындаған: фм-13-2 тобының студенті
Байғазы А.К**
- **Қабылдаған: ф.ғ.к, доцент Мурзалиева Г.Т**

Қарағанды - 2017ж



Кіріспе

Комплекстік препараттар- құрамында екі немесе одан да көп бірдей немесе әр түрлі потенциялы заттардан тұратын гомеопатиялық препараттар. Бірінші гомеопатиялық препараттар, **Финеллом** дәрігерімен ұсынылған “спецификами” деп аталған және 1900 жылы Френкелем дәрігерімен орыс гомеопатиялық тәжірибесіне енгізілген.

Қазіргі таңда әр сатыдағы ауруларға қолданылатын заттар емдік ғана емес, профилактикалық әсер көрсететін (өт айдайтын, зәр айдайтын, қабынуға қарсы, спазмолитикалық және т.б.) әсер етуі тексерілген көптеген комплексті дәрілік заттар бар.



Осы препараттармен емдеу аллопатиялық заттар арқылы емдеумен жақсы үйлеседі.

Бір түрде орналасқан *комплекті препараттарға*:

- бір немесе сол потенциядағы кем дегенде екі зат — қарапайым үйлесулер;
- бірнеше потенциядағы кем дегенде бір әсер етуші зат. Бұл жағдайда бір потенцияның жанама әсері басқа потенцияның әсерімен өшеді;
 - бірнеше потенциядағы бірнеше әсер етуші зат.
 - арнайы — белгіленген көрсеткіштерге байланысты терапияның қарапайым түрлерінде қолданылады



Гомеопатиялық комплексті дәрілік заттардың құрамындағы компоненттерінің фармакологиялық белсенділігі жеткілікті кең әсерде ЖРВИ және тұмау кезіндегі аурудың бірінші фазасында жалпы әлсіздік (*Phosphorus, Gelsemium, Arnica*), бас ауыру (барлық компоненттер), қызба (*Aconitum, Bryonia, Gelsemium, Belladonna, Arnica*) сияқты ауру белгілерін жояды екінші фазада тамақ ауыруы және мұрынның шырышты қабатының тітіркену сезімдерін (*Phosphorus Belladonna, Arnica, Apis, Arsenicum*) басады. Қатты жөтелді *Aconitum, Phosphorus, Belladonna, Arnica, Arsenicum* басады; Үшінші фазада- суық тиюдi *Aconitum, Bryonia, Apis, Arsenicum* басады.



*Белсенді заттардың мөлшеріне байланысты
гомеопатиялық препараттардың сапасын бақылау үшін
мынадай талаптар бар:*

- құрамында белсенді заттары бар төртінші жүздіктен алтыншы жүздік сұйылтуға дейінгі препараттарды, үлгіде жазылған бір тәуліктің ішінде қабылдау, кейбір жағдайларда үлгіде жазылған емдеу курсымен бақылайды;
- құрамында белсенді заттары бар алтыншы жүздіктен жоғары препараттар, гомеопатиялық препараттың сапасы барлық ингредиенттердің жасау жолымен және ақтты құрумен ескерілген технологиялық регламентті қатаң сақтауды талап етеді.



Ағзаның инфекциялық ауруларға төзімділігін көтеру үшін *Phosphorus*, *Arsenicum*, *Hepar sulfur* және т.б. көмектеседі.



Arsenicum меланхолик типті мінезді, бронхтың және терінің созылмалы ауруларына бейім адамдарға сай келеді, *Apis* — ыстықты көтере алмайтын және ісінуге бейім, жұмыртқа мен бүйректің созылмалы ауруларымен ауыратын адамдарға, *Belladonna* — жоғары неврозға бейім, нәзік, бірақ күшті және терең реакциясы бар, дене температурасының көтерілуіне бейім



Тәжірибеде комплексті препараттарды алудың 2 негізгі жолы бар:

- гомеопатиялық потенцияның соңғы сатысында үйлестіру жолымен;
- гомеопатиялық сұйылтулардың аралық туынды комплекстерін дайындау және оларды бірлестіріп потенцирлеу арқылы.

Барлық комплексті препараттарды алудың негізі - «гомеопатиялық қоспалар» болып табылады.



Қоспаларды 2 әдіспен дайындайды.

1-әдіс. Қоспаның құрамына кіретін әрбір затты алдын-ала қажетті дәрежеге дейін потенцирлейді, сосын жазылған әрбір алынған сұйылтудың мөлшерін (масса бойынша) араластырады.

2-әдіс. Соңғысынан төменгі сатыдағы сұйылтуларға алынған әрбір дәрілік заттың жазылған мөлшерін (масса бойынша) араластырады және олардың қоспадағы сұйылтуларын қажетті дәрежеге дейін біріктіріп потенцирлейді.



Көрсетілген топ препараттарына мысал ретінде келесідей құрамды *Аллерголекты* көрсетуге болады.

Calcium carbonicum	6
Badiaga	12
Urtica	3
Juglans	6



Аталған дәрілік препаратты сұйық түрде дайындау үшін, алдын ала төменде көрсетілген заттарға потенцирленген сұйылтулар жүргізілуі қажет:

Calcium carbonicum	5
Badiaga	11
Urtica	2
Juglans	5

Мысалы, 40,0 г *Аллерголек* препаратын дайындауда 50,0мл көлемдегі флаконға 39,6г 45 %-ті этил спиртін өлшейді, сосын кезекпен әрбір сұйылтудан 0,1г (3 тамшы) кезекті препаратты салғаннан кейін 1 рет потенцирлей отырып, қосады.

Қоспаны флакондақыта 10 рет шайқай отырып мұқият араластырады, босатуға безендіреді.

ППК

Дата	№ рецепта
Spiritus aethylici 45 %	39,6
Dil. Calcii carbonatis 5	gtts. III (0,1)
Dil. Badiaga 11	gtts. III (0,1)
Dil. Urtica 2	gtts. III (0,1)
Dil. Juglans 5	gtts. III (0,1)

m = 40,0

Приготовил: (подпись)

Проверил: (подпись)

Аталған препаратты неғұрлым жылдам дайындау және босату мақсатында провизор-технолог тең мөлшердегі алдын – ала сұйылтылған барлық қоспаларды бір флаконда дайындай алады. Енді фармацевтке 40,0г *Аллерголек* препаратын дайындау үшін босататын флаконға 39,6г 45 %-ті спирт өлшейді, оған 12 тамшы сұйылту қоспаларын қосады және 10 рет мұқият шайқайды.

Түйіршік түріндегі комплексті гомеопатиялық дәрілік түрлерді дайындау. Көптеген күрделі гомеопатиялық препараттарды қолдануға ыңғайлы болғандықтан, түйіршік түрінде дайындайды. Сол препараттардың бірі *Фитотуссин* келесі құрамға ие:

Inula	X3
Thermopsis	X3
Sambucus	X3
Farfara	X3
Drosera	X3



Аталған препаратты түйіршік түрінде дайындау үшін базисті тұндырмалар болуы керек:

Inula	X1
Thermopsis	X1
Sambucus nigra	X1
Farfara	X1
Drosera	X1

Егер, 50,0г *Фитотуссинді* дайындау үшін, көлемі 100 мл флаконға 50,0г түйіршіктерді өлшейді, сосын 0,5г (15тамшы) 60 %-ті этил спиртін және әрбір тұндырмадан 0,1г-нан(3тамшы) қосады.

Толық және біркелкі қанығуы үшін түйіршіктерді мұқият шайқайды (10мин. кем емес, содан соң пергамент қағазға кептіру үшін шашып төгеді. Кептіруді аяқтағаннан соң, қаныққан түйіршіктерді босататын ыдысқа (қағаз пакетке) салып, босатуға безендіреді.

ПШК (из смеси настоек)

Дата	№ рецепта
Granulae saccharati	50,0
Spiritus aethylici 60 %	gtts. XV (0,5)
Inula X1	gtts. III (0,1)
Thermopsis X1	gtts. III (0,1)
Sambucus nigra X1	gtts. III (0,1)
Farfara X1	gtts. III (0,1)
Drosera X1	gtts. III (0,1)

m = 50,0

Приготовил	(подпись)
Проверил	(подпись)

ППК (из отдельных компонентов)

Дата	№ рецепта
Granulae saccharati	50,0
Spiritus aethylici 60 %	gtts. XV (0,5)
Inula X1	} в смеси gtts. XV (0,5)
Thermopsis X1	
Sambucus nigra X1	
Farfara X1	
Drosera X1	

m = 50,0

Приготовил: (подпись)
 Проверил: (подпись)

Дәріхана үлкен мөлшерде комплексті гомеопатиялық препараттарды дайындағанда, (дәріханаішілік дайындама ретінде) дайындағанда, провизор-технолог барлық сұйықтықты қажетті сұйылтуға дейін потенцирлейді, сосын оларды қажетті қатынаста араластырады. Алынған сұйылту қоспасын сұйық күйінде флакондарға өлшеп құяды (буып-түю) немесе түйіршіктерді 10,0 г-нан өлшеп қанықтырады және әрбір флаконды безендіреді.



И
Названия 111 1380 рахмет!!!